

Приозерск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 12/74 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Приозерск қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2024 жылғы 3 желтоқсандағы № 23/172 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 10 желтоқсанда № 6691-09 болып тіркелді

Приозерск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Приозерск қалалық мәслихатының "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 12/74 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6538-09 болып тіркелген) келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

2-тараудың 7-тармағы мынадай мазмұндағы 27-3) тармақшасымен толықтырылсын:

"27-3) ардагерлерге табыстарын есепке алмай, жылына 1 рет, 14 күннен аспайтын санаторий-курорттық емдеуге растайтын құжаттар (орындалған жұмыстар актісі, шот-фактура және фискалдық төлем чегі) негізінде мүгедектігі бар адамдар үшін белгіленген санаторий-курорттық емдеудің кепілдендірілген сомасынан аспайтын жұмсалған шығындарды өтеуге әлеуметтік көмек көрсету. Санаторлық-курорттық емделуге жеке абилитация және оңалту бағдарламасы әзірленген мүгедектігі бар ардагерлерге санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек төленбейді;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы

А. Исатаев